

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СЕРІКТЕСТІК





Тұрақтандырылған және тұратандырылмаған көмірсутектерді өндіру

147,5

млн. б.м.э.



Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі

0,29



Тіркелетін оқиғалардың жалпы жиілігі

0,50



Жол-көлік оқиғалары жиілігі

0,03



Газды кәдеге жарату

99,94%



Сатып алудағы қазақстандық қамту үлесі – 59,6%

60%



Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру: басшылық құрам

77%



Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру: білікті мамандар мен супервайзерлер

95%

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

КПО қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштері әлемдік дәрежеге сай жоғары деңгейде қалып отыр.



Құрметті оқырмандар!

КПО компаниясының басты мақсаты – Қарашығанақ кен орнын экономикалық тұрғыдан тиімді және қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қауіпсіз пайдалану. Осы мақсатта біз барлық мүдделі тараптармен үздіксіз өзара әрекеттесу жұмыстарын жүргізіп келеміз. Компания өз қызметтерін жүргізуде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға көмектесуге тырысып келеді. Озық технологияларды енгізу, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең жоғары стандарттарды сақтау өндірістегі басымды бағыттардың бірі.

2018 жылы біз қызметіміздің көптеген салаларында жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік. Мәселен, көмірсутекті шикізат өндірісінің көлемі мұнай баламасындағы 147,5 млн. баррелді құрады.

КПО қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштері де әлемдік дәрежеге сай жоғары деңгейде қалып отыр. Мысалы, 2018 жылдағы CO₂ шығарындылары жалпы өндірілген көмірсутектердің мың тоннасына шаққанда 63 тоннаны құраса, парниктік газ шығарындыларын азайту көлемі CO₂ – баламасының 307 мың тоннасына жетіп отыр. Бұл қосымша техникалық жетілдірулер мен инновациялық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асырылды.

Жақын болашақта КПО жол салушыларымыздан қалған бағасыз мұра мен тәжірибені негізге алып, Қазақстан Республикасы және серіктес компаниялар мүддесі үшін қол жеткізген табыстарды сақтап, және арттыруға ниетті. Әрине, компания қызметкерлерімен, мемлекеттік органдармен, жергілікті халықпен және басқа да мүдделі тараптармен сенімді қарам– қатынас орнату және сақтау табысты қызметіміздің шарты.

Осы кітапшадағы ақпаратпен танысуға шақырамын. Бұл кітапша қызметіміздің негізгі аспектілері туралы ақпарат алуға көмектеседі деп үміттенемін. Толық ақпарат КПО компаниясының тұрақыт даму туралы жылдық есебінде www.kpo.kz сайтында берілген.

Эдвин Блом
КПО бас директоры

БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОДЕКСІНДЕ АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАҒИДАЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТУ



1-СУРЕТ. ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК
НЫСАНДАРЫ МЕН ӨНІМІ



ҰҒЫМАЛАР ҚОРЫ

Ұңғымалардың жалпы қоры	462
Жұмыстағы өндіруші ұңғымалар	114
Кері айдау ұңғымалары	17

КПО ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ

Көмірсутекті шикізатты өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары келесі үш негізгі, өзара байланысқан қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), газды кешенді дайындау қондырғылары № 2 (ГҚДҚ-2) және № 3 (ГҚДҚ-3). Негізгі өндірістік нысандарды өзара байланыстыратын және шикізатты ұңғымалардан және нысандар арасында таситын ішкі кәсіптік құбырлар желісі ұзындығы шамамен 2 000 км құрайды. Бұл нысандарға сондай-ақ мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен экоорталық жатады.

2018 жылдың аяғында Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 462 ұңғыманы құрап, оның ішінде 114 өндіру ұңғымасы мен тазартылмаған газды кері айдайтын 17 ұңғыма жұмыс істейді.

ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған және отын газын өндіреді және өңдейді.

2018 жылы өндірілген сұйық көмірсутектердің шамамен 95%-і тұрақтандырылған мұнай ретінде Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК), Атырау-Самара құбыр желісі және әрі қарай «ТрансНефть» құбырлар жүйесі бағыттары арқылы батыс нарықтарына сатылды.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер қайтарымын арттыру мақсатында КПО 2018 жылы қабатқа 8,6 млрд. текше метр газ айдады, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің 45,4%-не тең.

2-СУРЕТ. ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР



ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ КӨЛЕМІ

1-кесте. 2018 жылғы өндіріс көлемі

		2016*	2017	2018
Жалпы өндіріс көлемі**	млн. б.м.э.	139,7	145,8	147,5
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 466	11 247	10 953
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн. м ³	17 659	18 924	18 913
Газды кері айдау. Сатылуға арналмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн. м ³	8 040	9 289	8 589
ҚӨК-де ішкі қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тазартылған газ	млн. м ³	605,4	739,5	723,6

* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы

** Өндістің жалпы көлеміне қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді

2-кесте. 2018 жылғы сатылымдар

		2016	2017	2018
Сатылымның жалпы көлемі	млн. б.м.э.	137	142,3	143,5
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер. Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат	мың т	898	657	615
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер. КҚК және Атырау– Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	9 697	10 715	10,365
Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін тазартылмаған газ	млн. м ³	8 934	8 782	9 493
БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін тазартылған газ	млн. м ³	50,8	97,7	95



2018 ЖЫЛЫ КПО КОМПАНИЯСЫ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛМАҒАН СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР КҮЙІНДЕ 147,5 МЛН. БАРРЕЛЬ МҰНАЙ ЭКВИВАЛЕНТІНДЕ (Б.М.Э.) ӨНІМ ӨНДІРДІ. 2018 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІ 9,5 МЛРД. М³ ЖЕТТІ.

ӨНДІРІСТІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІН ҰСТАП ТҰРУ ЖОБАЛАРЫ



**ҚӨК-ДЕ ГАЗ
БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК
ШЕКТЕУЛЕРДІ АЛУ
(СӨША)**



**4-ШІ ГАЗДЫ
КЕРІ АЙДАУ
КОМПРЕССОРЫН
ОРНАТУ**



**5-МАГИСТРАЛДЫ
ҚҰБЫР ЖЕЛІСІН
САЛУ**

МАҚСАТ: ҚӨК НЫСАНЫНДА ГАЗДЫ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ГАЗДЫ ҚАБАТҚА КЕРІ АЙДАУ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР ӨНДІРІСІ КӨЛЕМІН ҚАУІПСІЗ ҰЛҒАЙТУ.



ҚАРАШЫҒАНАҚТЫ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ (ҚКЖ-1)

- КПО Қарашығанақ кен орнын Қарашығанақты кеңейту жобасының ҚКЖ-1 сатысын орындау арқылы кезең-кезеңмен игеруге бағытталған жұмыстарды жүргізуді жалғастыруда.
- ҚКЖ-1 сатысын жүзеге асыру Мердігер компанияларға да, Қазақстан Республикасына да түсетін табысты кен орнында өсіп келе жатқан газ факторын бақылау мақсатында қосымша ұңғымаларды, КС шикізатын өңдеу мен дайындау нысандарын, сондай-ақ газды кері айдау қондырғыларын іске қосу арқылы өндіріс көлемін деңгейін ұстау және тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді дайындау арқасында ұлғайтуға көмектеседі.



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қарашығанақ сияқты технологиялық күрделі кен орнын игеру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау сәтті жұмыстың шешуші факторы болып табылады. Бұл саладағы КПО-ның жетістіктері тек Қазақстан бойынша салалық әріптестермен емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде танылды.

Жоба операторы қызметін атқарғаннан бері, 1998 және 2018 жылдар аралығында КПО өз қызметін жүргізетін аймақтың қоршаған ортасын қорғауға бағытталған арнайы табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 380 млн. инвестиция жұмсады.

Қазақстан аймағында қазіргі таңда белгілі болған “Жасыл экономика” Қарашығанақ кен орнында консорциум жұмыс бастағаннан бері жүзеге асырылуда. КПО өз қызметтерін аймақ биотүрлілігін сақтап, орта экожүйесіне мейлінше аз әсермен жүргізуді көздейді.

Сондықтан да кен орны аймағында жабайы үйректі, түлкілерді, тіпті “Қызыл кітапқа” енген аңдарды кездестіруге болады.

Компания тек заманауи жабдықтарды пайдаланып, мұнайгаз өнеркәсібіндегі ең озық технологияларды қолданады. Сондай-ақ ластаушы заттар шығарындыларын азайту, қалдықтарды кәдеге жарату мен жаңа технологияларды енгізуге бағытталған шаралар басты назарда. 2018 жылғы Қарашығанақ кен орнындағы газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,94%-ті құрады, бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.



Компания заманауи жабдықтарды ғана пайдаланып, мұнай-газ өнеркәсібіндегі ең озық технологияларды қолданады.





ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

- Компания қызметтерін кешенді Экологиялық менеджмент жүйесіне сәйкес жасап келеді. Оның мақсаты қауіп-қатер факторларын бастапқыда анықтау, қоршаған ортаға тиетін кері әсердің алдын алу және осы саладағы көрсеткіштерді тұрақты жақсарту.
- 2007 жылдың шілде айында КПО-да жаңа ISO 14001:2015 стандартына сәйкестікке сертификаттау аудиті өткізілді, оның қорытындысы бойынша «Bureau Veritas» беделді халықаралық ұйымының сарапшылары экологиялық менеджмент жүйесінің тиімділігін растады.
- 2017 жылы КПО Қазақстандағы энергетика секторы компаниялары арасында алғашқылардың бірі болып ISO 50001:2011 стандартына сәйкестік сертификатын алып, энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу негізгі қағидаттарына сәйкестігін растады.



2018 ЖЫЛЫ КПО КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚОҚ ШАРАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР


- 11 ұңғыманы игеру кезінде жоғарғы қысым сүзгіштерін қолдану ластаушы заттардың атмосфераға шығарылу көлемін 8 474 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Жоғары қысымды мұнай айдау сорғысын пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін 245 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.
- Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Lamix немесе Deisel) пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін 586 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

Бұл саладағы жұмыстар түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайтуға бағытталған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістерін қолданады, атап айтқанда:

- Материалды өндіріске қайта пайдалану;
- Қалдықтарды Эко орталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- Қалдықтарды Эко орталық нысандарына орналастыру;
- Қалдықтарды кейінгі орналастыру, қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға жіберу.

1-сызба. Газды кәдеге жарату, 2016–2018 жылдар аралығы



2018 жыл қорытындысы бойынша:

- Коммуналды және өндірістік қалдықтардың 736,5 тоннасы сұрыпталып, жалпы мақсаттағы пеште (ЖМП) өртеуге жіберілді;
- Қайта өңдеуге және қайталама шикізат ретінде пайдалануға сұрыпталған және жіберілген көлем:
 - 95,6 тонна макулатура, 2017 жылмен салыстырғанда 6,3 %-ке кем (101,98 тонна);
 - 8,5 тонна метал сынықтары (2017 жылмен салыстырғанда 30 %-ке кем (12,08 тонна);
 - 25,2 тонна пластик (2017 жылмен салыстырғанда 40 %-ке көп (18,04 тонна).
- 2018 жылы сұйық қалдықтарды өңдеу көлемі 7 004,62 тоннаны, ал сарқынды суларды өңдеу көлемі 7960 м³ құрады;
- КПО қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін Экоорталықтың қатты қалдықтарды көму полигонына көшіру жұмыстарын жалғастыруда. Оған дейін олар Эко орталық айналмалы пешінде қайта өңделеді. 2018 жылы 6 156,16 тонна қалдық қайта өңделді (2017 жылы бұл көрсеткіш 5 266,26 тоннаны құраған).



- 2018 жылы ҚМГКК-дағы бұрғылау ерітінділерін дайындауға, екпе ағаштарын суаруға және шаң басу үшін тазартылған ағынды суларды қайта пайдалану көлемі 18 241 м³ құрады. Қайталама пайдаланылған ағындардың көлемі жалпы таза техникалық суды пайдаланудың 4,4%-ын құрады.

ТОПЫРАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

2018 жылы ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстарынан зақымдалған жердің 71 га қалпына келтірілді.

ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ

2018 жылы КПО бойынша CO₂ шығарындыларының салыстырмалы көрсеткіші өндірілген КСШ мың тоннасына шаққанда 63 тонна CO₂ құрады (3-кесте).

3-кесте. 2018 жылғы ПГ шығарындыларын азайту шаралары

№	Шаралар №	Шығарындыларды азайту, CO ₂ тонна/жыл		Орындау %
		Жоспар	Іс жүзінде	
1	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды пайдалану	181 972	236 047	130
2	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сорғыны пайдалану	11 761	10 452	89
3	ҚӨК алау коллекторлары клапандарын жөндеу	12 299	26 414	215
4	4-технологиялық желідегі бу шығынын есептегіш жұмысын реттеу	6 502	11 209	172
5	Қабатқа әсер ету мақсатында көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды қолдану (жаңа)	15 337	15 458	101
6	ГҚДҚ-2 турбокомпрессорларының құбырлық байланыстарын жетілдіру	22 129	7 778	35
Барлығы		250 000	307 358	123

CO₂ шығарындылары көлемінің нақты азаюын есептеу үшін ПГ шығарындыларын азайтудың 2016–2020 жылдар аралығы үшін бекітілген бағдарламасындағы әдістемелер мен коэффициенттер қолданылды.



БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ
ЖЫЛ САЙЫНҒЫ САЙЫС
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ЖЕТІСТІКТЕРІ
ҮШІН КОМПАНИЯ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АМЕРИКАЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ БАСТЫ
СЫЙЛЫҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ



КПО өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес қоршаған ортаны қоғау бойынша жан жақты мониторинг жүргізеді. Аталмыш бағдарлама аясында өндірістік қызметтердің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау үшін қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (шығарындылар, ағын сулар, қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыру), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ бағдарламасына сәйкес сынамалар алу/өлшем жүргізу орындары, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігі бекітілді.

Ауа тазалығын қадағалау аккредиттелген лабораториямен сынамалар алу және талдау арқылы, сондай-ақ Қарашығанақ кен орны мен СҚА периметрі бойынша үздіксіз жұмыс жасайтын 18 стационарлық автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) көмегімен жүргізіледі. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы (H_2S) күкіртсутегін, (SO_2) күкірт диоксидін, (NO_2) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін бақылауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт анализатор орнатылған.

Ауада бақыланатын ластаушы заттардың құрамы жоғары деңгейде болған жағдайда, хабарлау жүйесі ескерту дабыл белгілерін шығарады.

БИОТҮРЛІЛІК

КПО-ның биотүрлілікті сақтауға бағытталған қағидалары мен әдістерін белгілейтін негізгі құжат – Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары (БСЖ). Оның мақсаты – фауна мен флораның барлық түрлерінің және ҚМГККО аймағындағы олардың тіршілік ету ортасының сақталуын және гүлденуін қамтамасыз ету.

2011 жылдан бері Қарашығанақ аймағындағы жауарлар мен өсімдіктер әлеміне Компанияның тұрақты бақылау жүргізуі барысында флора мен фауна өкілдерінің мекендеу ортасына КПО қызметінің қандай да бір кері ықпалы айқындалмады. Керісінше, ауыл шаруашылығы жұмыстарының тоқталуы, аймақты толықтай қорғау және адамның кері әсері факторының мүлдем дерлік болмауы кен орнында жергілікті флора мен фаунаға жағымды жағдайлар туғызып, сирек кездесетін түрлерді де сақтайды.

2018 жылы мамыр айында өткен екінші «Uralsk Green Forum» Халықаралық экологиялық форум аясында Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу барысында жобаларды жүзеге асыруда «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен КПО арасында ынтымақтастық және серіктестік келісіміне қол қойылды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша КПО Қазақстан мұнайгаз компанияларының экологиялық жауапкершілік сайысы лауреаттарының бірі атанды. Бұл сайыс БҰҰ Орталық Азиядағы қоршаған орта бағдарламасы (UNEP-CA), «CREON Capital» және ұлттық рейтинг агенттігімен серіктесе отырып, ҚР энергетика министрлігінің қолдауымен РФ Дүниежүзілік жабайы табиғат қорымен (WWF) және «КРЕОН» тобымен өткізіледі.




Мақсат – фауна мен флораның барлық түрлерінің және ҚМГККО аймағындағы олардың тіршілік ету ортасының сақталуын және гүлденуін қамтамасыз ету.




ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ

2018 жылдың соңында компанияның өзінде және уақытша жобалардағы КПО қызметкерлерінің есептік саны 4 493 адам болды, оның ішінде 4 140 – қазақстандық жұмыскерлер, ал 353 – шетелдіктер.

2-сызба. Қызметкерлер саны, 2016–2018 жылдар аралығы.



Картада Қазақстанның аймақтары бойынша КПО қызметкерлері санының проценттік арақатынасы көрсетілген. 2018 жылы кейбір бөлімдерді көшіру себебінен Орал қаласында жұмыс істейтін қызметкерлер саны өсті.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

КПО-да жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін барынша арттыру және жергілікті жұмыс күшін қаржыландыруға бағытталған 2015–2020 жылдарға арналған кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Осылайша, 2018 жылы шетел мамандары иемденген 12 лауазымға жергілікті қызметкерлер тағайындалып, 3 лауазым қысқартылды. 2018 жылдың аяғына қарай компания ұжымының 92%-ін жергілікті қызметкерлер құрады.

1999 – 2018 жылдар аралығында 190 астам шетелдік мамандар қазақстандық қызметкерлермен алмастырылған, ал шетел қызметкерлері иемденген 180 лауазым қысқартылған.

4-кесте. 2018 жылғы кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бойынша жоспарды орындау – қызметкерлер санаты бойынша

Санаты	Түсіндірмесі	ҚР заңнамалық талабы	2018
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	74% кем емес	77%
3+4	Мамандар / Білікті мамандар	92% кем емес	95%

Кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру – КПО-ның экономикалық мұрасын құрудағы маңызды элемент. Кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы келесі міндеттерді орындауды көздейді:

- Жергілікті қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту процесі тиімділігін арттыру;
- Жергілікті мамандар санын, оның ішінде мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардағыларды арттыру.



2018 жылдың аяғына қарай компания ұжымының 92%-ін жергілікті қызметкерлер құрады.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУ

Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойылғаннан бері жергілікті кадрлар дайындығына 200 млн. АҚШ долларынан астам қаржы жұмсалып, оқыту үздік халықаралық институттар мен орталықтарда, сондай-ақ компанияның өзінің оқыту және дамыту орталығы негізінде жүргізілді.

2018 жылы КПО компаниясында келесі бағдарламалар бойынша оқыту жүргізілді:

- Халықаралық куәландырылған біліктілік, соның ішінде:
 - CIPS – сатып алу және жеткізу саласындағы CIPS институтының базалық курсы бойынша халықаралық дипломы;
 - IWCF – ұңғыманы басқару/ газ-мұнай-су білінісі кезінде ұңғымадағы қысымды бақылау;
 - MEMIR – төтенше жағдайлар бойынша апаттық әрекет ету курсы (OPITO стандарты);
 - NDT – бұзбайтын әдіспен бақылау бойынша сертификаттау;
- Кәсіби оқыту;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту.

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

Ұжымдық келіссөздер жүргізудің Компаниядағы маңызы зор. КПО өз қызметкерлерінің кәсіподақ қозғалысын ұйымдастыру және ұжымдық шарт бойынша келіссөздерге қатысу құқығын құрметтейді.

Компанияда қызметкерлер мүдделерін үш кәсіподақ қорғайды:

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «КПО Б.В. Және мердігер компаниялар қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;
- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ.

Өз қызметі шеңберінде кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қарым-қатынасының әртүрлі аспектілері бойынша Ұжымдық шарттың жобаларын әзірлейді. Ұжымдық шарт ережелері кәсіподақ құрамындағы мүшелігіне қарамастан, КПО ұжымына қабылданған барлық қызметкерлерге қатысты.

2018 жылдың аяғында КПО және кәсіподақтар арасында 2019–2021 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды. Жаңа шарттағы өзгерістер негізінен еңбек ақысы, әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер, сонымен қатар жұмыскерлер еңбегінің әлеуметтік шарттарын жақсарту бойынша басқа да мәселелерді қамтыды.

Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы және «Жедел желі» арқылы хабарласу. 2018 жылы Еңбек ресурстары басқармасына 30 шағым және 16 өтініш келіп түсті. Келіп түскен шағымдарда еңбек тәртібінің бұзылуы, жұмысқа орналасу, даулы мәселелерді шешу, қызметтік өкілеттікті асыра қолдану, мердігер қызметкеріне қатысты заңсыз әрекет мәселелері қозғалды. Шағымдардың барлығы тиісті қаралып, олар бойынша лайықты шешім қабылданды.

Қызметкерлерді және олардың ахуал-жағдайын нашарлауына әкелетін жүйе мен еңбекақыны кейінгі қысқартумен компанияны тарату жағдайында, ұжымдық шарт ережелеріне сәйкес КПО компаниясы кәсіподақтарды 2 ай (8 апта) бұрын хабардар етуге міндетті.

КПО мердігерлерге заң талаптарына, ішкі ережелер мен саясаттарға қатысты түсінік беру үшін және мәжбүрлі еңбек етудің қаупін және/немесе жұмысшылардың жиындарды өткізу не ұжымдық шегініс алу құқықтары бұзылуының алдын алу мақсатында үнемі жиындар өткізіп отырады.

Мердігерлер мен қосалқы мердігерлерде құқықтық нормалардың сақталуына жеткіліксіз көңіл бөлінген кезде, осындай жағдай орын алуы мүмкін.



ЕҢБЕК АҚЫСЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Компания өз қызметкерлерін жоғары бағалайды және оларға еңбектің лайықты шарттарын, соның ішінде бәсекелік жалақы және әртүрлі жеңілдіктер ұсыну арқылы, ұсынуға бар күшін салады.

Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық жұмысшыларға әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер пакеті ұсынылады. Бұл – жұмысқа алу кезінде ұсынылатын шарттардың маңызды бөлшегі. Ол ақшалай және ақшалай емес жеңілдіктерден тұрады.

КПО өз жұмыскерлерінің еңбекақысын жыл сайын қайта қарап отырады. Бұл инфляцияның жылдық деңгейі ескерілген жыл басындағы еңбекақыны көтеруді, жыл бойы орындаған жұмыс қорытындылары бойынша оң баға алған жұмыскерлерге сыйлықақыны жыл сайын төлеуді, сонымен қатар жалақыны жекелей көтеру және қосымша бір жолғы төлемдерді қамтиды.

Материалдық емес сыйақы да қызметкерлердің жұмыс қабілеттілігін және олардың компания қызметіне қатысуларын тиісті деңгейде ұстап тұрудағы маңызды роль атқарады. КПО компаниясында қызметкерлерді ынталандырудың әртүрлі әдістері бар, солардың қатарында жұмыс нәтижелері бойынша және кәсіби мерекелер кезіндегі корпоративтік шаралар бар. Мәселен, 2018 жылы КПО түрлі бөлімдерінің қызметкерлері ҚР Мемлекеттік марапаттарымен, ҚР Энергетика Министрлігінің марапаттарымен, сондай-ақ мұнай-газ кешенін ұйымдастырудың қазақстандық «Kazenergy» қауымдастығының медальдарымен және мақтау марапатталды.

Жұмыс өнімділігінің көрсеткіштерін үздіксіз арттыру мақсатында КПО компаниясында жұмыс орындалуын жылдық бағалау процедурасы қолданылады. Аталмыш үдеріс КПО компаниясында 6 айдан кем емес уақыт бойы жұмыс істеген қазақстандық қызметкерлерге ғана қатысты.



Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық жұмысшыларға әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер жиынтығы беріледі. Бұл – жұмысқа алу кезінде ұсынылатын шарттардың маңызды бөлшегі.


КПО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІГІ

ЖОО мен жұмыс берушілер арасындағы өзара әрекет – жас мамандарды дайындау мен бейімдеу мәселелерін шешуге көмектесетін өзара тиімді серіктестік белгісі.

КПО компаниясында ЖОО-мен өзара әрекет тиісті шарттар негізінде Студенттік практика бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі. 2018 жылы 29 мамандық бойынша 31 оқу орнынан 299 студент КПО-ның әртүрлі бөлімдерінде өндірістік және дипломалды практикасын өтті. 2013 – 2018 жылдар аралығында студенттік практикадан өткен студенттер арасынан 140 адам компанияға жұмысқа орналасты.

2018 жылы 29 мамандық бойынша 31 оқу орнынан 299 студент КПО-ның әртүрлі бөлімдерінде өндірістік және дипломалды практикасын өтті.

3-сызба. 2016–2018 жылдар аралығында КПО-да студенттік практикадан өткен студенттер саны.



ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біздің мақсатымыз – жарақат алу қаупін барынша азайтуға қол жеткізу және оқыс жағдайлар зардаптарын барынша азайту. КПО-да қауіпсіздік мәселесі басты назарда.

КПО мен мердігерлік ұйымдардағы еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалардың былтырғы көрсеткіші 0,29, ал тіркелетін оқиғалар көрсеткіші 0,50 тең болды.


Жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші 0,03 құрады.

КПО компаниясы жыл бойы профилактикалық шаралар арқылы алдын алуға болатын, осылайша жазатайым оқиғалардың пайда болуын ескертетін ықтимал қауіп-қатерлер көздерін анықтау дағдыларына оқытуға басты назар аударып, өнеркәсіптік қауіпсіздік және нысандар тұтастығын қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіру жұмыстарын тоқтатпады.


Дайындалған профилактикалық шаралардың сенімділігі анықтау мақсатында олардың осал жерлерін анықтау бойынша бірнеше сынақ өткізілді.

ЕЖЖ – еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақат = өліммен аяқталған оқиға + еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген жарақат (ЕУЖЖ); ТТЖ – Тіркелуі тиіс жарақаттар = өліммен аяқталған оқиға + еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген жарақат; (ЕУЖЖ) + жеңіл жұмысқа ауыстыруға әкелген оқиға (ЖЖАО) + Нәтижесінде медициналық емдеуді қажет оқиға (МЕҚО); ЫҚО – ықтимал қаупті оқиға.

4-сызба. Тіркелуі тиіс жарақаттардың, еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттардың және оқиғалардың ықтимал қаупті оқиғалардың жиілігі



5-сызба. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі






2018 ЖЫЛЫ КПО-МЕН САТЫП АЛЫНҒАН ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ 60 %-ҒА, ЖЕТТІ, АҚШАЛАЙ БАЛАМАДА 474,4 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАДЫ. ЖАЛПЫ, 1997 ЖЫЛЫ ӨБТК ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАННАН БЕРІ КПО САТЫП АЛУЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ 7 МЛРД. АҚШ ДОЛЛАРЫНАН АСТЫ.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

КПО Қарашығанақ жобасында жергілікті қамту үлесін барынша арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарып келеді. КПО жергілікті қамтуды дамыту шаралары индустриализация бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес өткізіледі. Тауар, жұмыс және қызметтегі (ТЖҚ) жергілікті қамтудың жалпы үлесі – 7 млрд. АҚШ доллары.

6-сызба. ТЖҚ сатып алудағы жергілікті қамту, %



2016 жылдан бері құны 51 млн. АҚШ доллары болатын тауарлардың 20 категориясы және құны 443 млн. АҚШ доллары болатын жұмыстар мен қызметтердің 26 түрі жергіліктендірілді.

2018 жылғы жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелері:

- Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 474,4 млн. АҚШ долларын құрады (18,6% өсті);
- Жалпы құны 70 млн. АҚШ долларын құрайтын 8 тауардың Қазақстан Республикасы аумағында өндірісін жергіліктендіруге бастамашылық жасалды;
- Жалпы құны 57 млн. АҚШ долларын құрайтын 2 күрделі қызмет (жүктерді халықаралық жөнелту және GE компаниясының Frame 5 HP роторын жөндеу жұмыстарын жүргізу).

2016–2018 жылдар аралығында КПО басшылығы жергілікті өнеркәсіптік, және бірінші кезекте, мұнай сервистік және машина жасайтын кәсіпорындар әлеуетімен танысу мақсатында Қазақстанның 10 аймағына, оның ішінде Астана мен Алматы қалаларына іссапармен барды. Өңіраралық әріптестік нәтижесі бойынша 2016–2018 жылдар аралығында жылпы құны 32 млн. АҚШ долларына тең 13 келісімшарт жасалды.



2018 жылы КПО ҚҰНЫ 47,3 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙТЫН 31 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАНЫ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕ АЯҚТАУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ, БҰЛ – 1998 ЖЫЛДАН БЕРІ КПО ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАРИХЫНДАҒЫ ТИІМДІЛІКТІҢ ЕҢ ҮЗДІК КӨРСЕТКІШІ.

ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ



2018 жылы КПО құны 47,3 млн. АҚШ долларын құрайтын 31 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны белгіленген мерзімдерде аяқтауға қол жеткізді, бұл – 1998 жылдан бері КПО әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру тарихындағы тиімділіктің ең үздік көрсеткіші.

2018 ЖЫЛЫ КПО-МЕН ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН ӘЛЕУМЕТТІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР:

- Орал қ. «Юность» стадионындағы допты хоккей алаңын жайластыру;
- Ақжайық ауданы, Шабдаржап ауылында 198 орындық мектептің құрылысы;
- Орал қаласындағы Депо көпірін күрделі жөндеу;
- АІБ үшін оперативті басқару орталығы (ОБО) ғимаратының құрылысы;
- БҚО Бөрлі ауылында дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы;
- Ақсай қаласының солтүстік бөлігіндегі 240 орындық балабақшаның құрылысы;
- БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 10-шағын ауданда 120 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы;
- БҚО-да 20 тасжол құрылысы;
- Сыртқы жарықтандыруды алмастырудың 2 жобасы;
- Жобалық-сметалық құжаттаманы дайындаудың 2 жобасы.

5-кесте.

	2016	2017	2018
Жобалар саны	22	43	36
Аяқталған жобалар	17/5*	16/27*	31/5*
Бюджет млн. АҚШ доллары	23,96	31,76	25,7

* Жүзеге асыру ұзақтығы бір жылдам астам жобалар (жобаларды келесі жылға ұзарту)

ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП

ТӘРТІП КОДЕКСІ

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат – Тәртіп кодексі. Құжат этикалық қағидаларды, құндылықтарды және Компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі, соның ішінде жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынастағы мінез-құлық, тәртіп ережелерін анықтайды.

ТӘРТІП КОДЕКСІ БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТРЕНИНГ

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

Жұмысқа жаңа қабылданған барлық қызметкерлер тәртіп кодексі бойынша кіріспе курсынан өтеді. Бұған қоса, КПО-ның барлық қызметкерлері талаптармен танысқандығын осы салаға қатысты ұсынылаған жеке міндеттемелермен келісу арқылы жыл сайын растауға міндетті.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БАСҚА ДА ШАРАЛАРЫ

Заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында компанияда 2012 жылдан бері ақысыз, анонимді және құпия жедел желі іске қосылған.

Жедел желі КПО қызметкерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. Тәулік бойы жұмыс жасайтын жедел желі қызметкерлер, мердігерлер және басқа да мүдделі тараптар үшін ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ

КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және бұл қауіптерді төндіруі мүмкін мәселелерін реттеу шараларын айқындау мақсатында этикалық сәйкестікті тексеру бағдарламасын 2012 жылдан бері жүргізіп келеді.

Әрбір ықтимал бизнес серіктеске меншіктік түрі мен иелері, жетекшілері мен шаруашылық-коммерциялық қызметі туралы ақпаратты қажет ететін сауалнама жіберіледі. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және оның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО қауіп-қатерді басқару және нормативтік-құқықтық сәйкестік мәселелері бойынша «Дуу Джонс» халықаралық деректер қорын пайдаланады.

Содан кейін, компанияның бизнес серіктесі болуға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдықтық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-ның келісімшарттық стандартты үлгісі болып табылатын міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Осы шаралардың барлығы серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын көрсететініне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарашығанақ кен орны игеру барысында КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, экономикалық өсім мен өркендеу үшін мүмкіндіктер жасау арқылы өз қызметтерінің кері әсерін алдын алу немесе барынша азайту, сонымен қатар табыс-пайданы арттыруға бар күшін салып келеді. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ережелер, стандарттар және процедуралар Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) кеңестеріне негізделген.

Жергілікті халықпен құрылымды сұхбат құру – компанияның маңызды мақсаттарының бірі. Консультативтік кеңестер баяғыда-ақ осындай әрекеттесудің тиімді құралына айналды. Осылайша, 2018 жылы Қарашығанақ кен орны маңында орналасқан бес елді мекенде (Приурал, Өспен, Березов, Жарсуат, Пугачев) 13 жиналыс өткізілді.

Бұл жиналыстардың барысында әлеуметтік қызмет, қоршаған ортаны қорғау және апаттық жағдайлардағы әрекет ету тақырыптары қозғалды.

Тұрғындардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтары қызметіміздің ерекше назарында. Жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламасы аясында Бөрлі ауданының 200 зейнеткеріне Ақжайық шипажайына және 80 оқушыға Талап балалар лагеріне демалысқа жолдама берілді.


Жыл ішінде КПО Бөрлі әкімшілігінің қолдауымен ұңғымаларды қосу және олардың құрылысы жобаларының қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша төрт қоғамдық тыңдау өткізді. Бұл шараларға жергілікті және аймақтық реттеуші мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері, тұрғындар мен КПО мердігерлері қатысты.






«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»
Қазақстандық филиал
Қазақстан Республикасы
Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы
090000 Ақсай қ-сы
Промышленная Зона көшесі, 81Н құрылысы

 www.facebook.com/kpobv

 www.Linkedin.com/kpobv

 www.instagram.com/kpobv

 www.vk.com/kpobv